

4 тамыз,
Сейсенбі,
2020 жыл.

uil-gazet@mail.ru

Ойыл

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ МАЙТАЛМАНЫ



Ағымдағы жылдың 12 тамызында Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттарын сайлауы өтетіні баршамызға белгілі. Осы орайда бүгін ауданымызға Ақтөбе облысынан Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Муса Әділбайұлы тағайындалды. Мемлекеттік қызметтің майталманы Муса Әділбайұлы өзінің қысқашы ақпараттарымен кездесу өткізді. Болашақ сенатор қасиетті Көкжар топырағынан айналып кетпеуді жөн санап, біздің ауданымызға арнайы ат басын бұрған.

Кездесу кезінде үміткердің сенім білдірген өкілі Елемес Шотанов Бауыржан Нұралыұлының өмір жолы мен еңбек жолын таныстырды. Бірнеше ауданда өкім болып қызмет еткен Бауыржан Қаниев өмірінің 40 жылға жуық уақытын мемлекеттік қызметке арнаған. Еліміздің өлеуметтік-экономикалық дамуына барынша депутаттарымен кездесу өткізді. Болашақ сенатор қасиетті Көкжар топырағынан айналып кетпеуді жөн санап, біздің ауданымызға арнайы ат басын бұрған.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.

БИЫЛҒЫ ҚҰРБАН АЙТ БҰРЫНҒЫДАН ӨЗГЕРЕК

ОЙЫЛ АУДАНЫНДА КАРАНТИН КЕЗІНДЕ ҚҰРБАНДЫҚ ШАЛУ ШАРАЛАРЫ ТОҚТАМАДЫ. ШЕКТЕУ ШАРАЛАРЫНА БАЙЛАНЫСТЫ МЕШІТ АЛАҢЫНДА ҚАЛЫҢ КӨПШІЛІКТІ ЖИЫП ҚҰРБАНДЫҚ ШАЛЫНҒАН ЖОҚ. АЛҒАШ РЕТ МЕШІТТЕ АЙТ НАМАЗЫ ОҚЫЛМАДЫ. ДЕГЕНМЕН БИЫЛҒЫ ҚҰРБАН АЙТ БҰРЫНҒЫДАН ӨЗГЕРЕК БОЛДЫ.

Діни басқарма ел мұсылмандарының өтінішін ескере отырып биылғы жылы алғаш рет қашықтан құрбан шалу жобасын іске асырды. Құрбан айт кезінде Ойыл ауданы бойынша 6 ірі қара 82 ұсақ жандық қашықтықтан шалынып, өлеуметтік жағдай төмен 138 отбасына таратылды. Сонымен қатар Ойыл аудандық мешітіне мұқтаж жандарға арнап ірі қара, қой еттерінен 100 кг ет өкелінген. Өкелінген етті мешіттің бас имамы Нұрсұлтан Серікұлы бастаған мешіт еріктілері өңірдегі мұқтаж жандарға табыстады. Қашықтықтан шалынған құрбандық етін көмекке зәру жандарға тарату тәжірибесі Түркия, Малайзия, Индонезия, Біріккен Араб Әмірліктері сынды бірқатар мұсылман мемлекеттерінде бұрыннан қалыптасқан. Бұл жүйенің басты ерекшелігі Құрбандық ет түгелдей мұқтаж азаматтарға таратылады. Елімізде алғаш рет өлемді жайлаған індеттің салдарынан қолға алынған шара Ойыл өңірінде де оң нәтижесін берді. Сондай-ақ Құрбан



айт кезінде «Мың алғыс» республикалық акциясы аясында ауданның мәдениет, білім саласы, Ойыл ауылдық округі «Nur Otan» партиясының Ойыл аудандық филиалы, Жастар ресурстық орталығы бірлесіп, аудан ауруханасында қауіпті індет кезінде вирус жұқтырған науқастармен тікелей жұмыс жасаған медицина қызметкерлеріне алғыс айту шарасын ұйымдастырды. Жағдайы келген өрбір мұсылманға құрбан шалу, игі іс жасу уәжіб екені белгілі. Барша мұсылманның қасиетті мерекесінде халық ерте тұрып, бұрынғыдай таза киім киіп,

хош иісті өтірді сеуіп, мешітке бара алмаса да сауапты істен құр қалмай өр мұсылман өз аулаларында құрбандық шалып шамасы жеткенше 3 мұқтаж жанға көмек қолын созды. Бұрын құрбандық етінің үштен бірі құрбан шалған адамға берілетін, ол сол еттен тағам өзірлеп, ағайын-туыс, көрші-қолаңға дастархан жаятын. Алайда карантин кезінде мұндай шаралар өткізуге тыйым салынғандықтан, құрбандық еті түгелдей мұқтаждарға таратылады.

Венера АСҚАРҚЫЗЫ,
Ойыл селосы.

ТАС ДӘУІРІНЕН ТІН ТАРТҚАН «ҚАЗДЫАРАЛ» ТҰРАҒЫ

ҚҰМ БАСҚАН ТАРИХТЫ ЗЕРТТЕП, ҒЫЛЫМИ ЖАҢАЛЫҚ АШУ АРХЕОЛОГТАРДЫҢ БАСТЫ МІНДЕТІ ЕКЕНІ ШҮБАСЫЗ. ӨР ТӨБЕСІН ТҮРТСЕН ТАРИХТАН СЫР ШЕРТЕТІН ОЙЫЛДЫҢ ТАРИХЫ ТЫМ ТЕРЕҢДЕ. ОБЛЫСТЫҚ ҒАЛЫМДАРДАН БӨЛЕК РЕСПУБЛИКА ДЕНГЕЙІНДЕГІ ҒАЛЫМДАРДЫ ТОЛҒАНДЫРЫП ОТЫРҒАН БІЗДІҢ АЙМАҚТЫҢ ТАРИХЫ РАСЫНДА ТЫМ БӨЛЕК. ЕРТЕ ТАС, ҚОЛА ДӘУІРІНЕ ТИЕСІЛІ ЖӨДІГЕРЛЕРДІҢ ТАБЫЛУЫ ТАРИХҚА ЖАҢҒЫРҒАН ҮН ҚОСЫП КЕЛЕДІ.

жерленгені байқалды. Жергілікті музейдің алғашқы зерттеу жұмыстары қараталдық тұрғындардың кездейсоқ табылған олжаларына байланысты басталып кетті. Қаздыарал өте құмалы жер. Желдің екпінімен көшкен құмның орындарынан тұрғындар адам сүйектерін, қыштан жасалған ыдыстар тауып алған. Бұл факт расында археологтарды қызықтырды. Себебі біздің жерімізде қыштан жасалған ыдыс-аяқтар энеолит кезеңінде пайда болған. Бұл өте сирек кездесетін археологиялық олжа, - дейді археолог Аслан Мамедов. Негізгі қабірі сақталған 3 жерленген жердің орны ашылды. Екі қайта көмілген сүйектері бар шұңқырлар қазылған. Нәтижесінде ерте қола дәуірі мен орта ғасырға дейін археологиялық жөдігерлер ашылып, суреттелді. Ғылыми жағынан табылған заттардың маңыздылығы жоғары, терең зерттеуді қажет етеді. Біз Ш.Берсиев атындағы өнер және өлке тарихы музейінің қор сақтаушысы Медет Құлмұқановты өңімізге тарту барысында ауданымызда көне ескерткіштер мен қорымдарды археологиялық зерттеу деңгейі дамып келе жатқандығын жеткізді. Сондай-ақ қасиетті Ойыл жерін зерттеуге ғалымдардың да қызығушылығы жоғары. Қазіргі таңда музей қорында 6337 музей заттары мен өр түрлі кезеңге жататын жөдігерлер сақталған.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.



Осы бағытта Ш.Берсиев атындағы өнер және өлке тарихы музейінің қызметкерлері Ақтөбе облыстық тарихи өлкекетану музейінің аға ғылыми қызметкері, жерлесеміз, археолог Аслан Мамедовтың методикалық көмегінің нәтижесінде «Қаздыарал» тұрағына археологиялық барлау, іздеу, зерттеу жұмыстарын жүргізді. Қазба жұмыс-

тарына ауданымыздың жас археологтар үйірмесі, жас ғылым жанауылдары ерікті түрде атсалысты. Қаздыарал тұрағы қазіргі Ш.Берсиев ауылдық округіне қарасты мекен. Барлау жұмысы барысында кездейсоқ табылған құмға басқа жерге қайта көмілгендігі анықталды. Көмілген жерге іздеу жүргізу кезінде ерте кезеңдегі қауымның



НЕГІЗГІ МІНДЕТ

ЖҰМЫССЫЗДЫҚ ДЕҢГЕЙІН ТӨМЕНДЕТУ

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ АЛДЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ МІНДЕТ ЖҰМЫССЫЗДЫҚТЫҢ ДЕҢГЕЙІН ТӨМЕНДЕТУ. ЖҰМЫССЫЗДЫҚ – БҮГІНГІ ҚОҒАМДА КҮН ТӨРТІБІНДЕ ТҮРҒАН МӘСЕЛЕ. ОСЫ ОРАЙДА «ЕҢБЕК» НӘТИЖЕЛІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУДЫ ЖӘНЕ ЖАППАЙ КӘСІПКЕРЛІК ДАМУЫНДАҒЫ 2017 – 2021 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ІСКЕ АСЫРЫЛУ БАРЫСЫ БОЙЫНША ОЙЫЛ АУДАНЫ ӨКІМДІГІНІҢ ХАЛЫҚТЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ДИРЕКТОРЫ АРАЛБАЙ ЖОЛДЫБАЕВПЕН АРНАЙЫ СҰХБАТ ҚҰРҒАН ЕДІК.



– Армысыз аға! Алдымен ауданымызда жұмыссыздықты болдырмау үшін қандай шаралар іске асырылып жатыр?

– Бізде жұмыссыздықтың өсуін болдырмау мақсатында, Ойыл ауданының 2020 жылға арналған халықты жұмыспен қамтамасыз ету бойынша Кешенді жоспары жасақталды. Кешенді жоспарға сәйкес, 1518 адамды жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шаралармен қамту жоспарланып отыр. 2020 жылдың 1 шілдесіне 1052 адам жұмыспен қамту шараларымен қамтылды. Мемлекеттік қолдау шараларын қолданбастан жұмысқа орналастыру (бос жұмыс орындарына) – 657 адамды жұмысқа орналастыру жоспарланып, 324 адам жұмысқа орналастырылды.

– Өзіңіз атап өткендей Кешенді жоспардың және «Еңбек» Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасының әр бағыты бойынша атап өтсеңіз.

– Аталған бағдарлама үш бағыттан тұрады.

Бірінші бағыты бойынша «Бағдарламаға қатысушыларды техникалық және кәсіптік біліммен және қысқа мерзімді кәсіптік оқумен қамтамасыз ету». 2020 жылға қысқа мерзімді кәсіптік оқытуға 110 адам, техникалық және кәсіптік оқытуға 61 адам жоспарланып отыр. Қазіргі күні қысқа мерзімді кәсіптік оқытуға 10 адам жіберілді.

Екінші бағыты бойынша, «жаппай кәсіпкерлікті дамыту». 2020 жылға «Бастау-Бизнес» жобасы бойынша

кәсіпкерлік негіздерін оқытуға 40 адам жоспарланды. «Бастау-Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне 40 адам оқуға жолдама берілді. Ауылдық елді мекендерде 72 адамға 276,0 млн теңгеге шағын несие беру жоспарланып отыр. Қазіргі күні 9 адам 49,0 млн теңге көлемінде шағын несие алды. Сонымен қатар жаңа бизнес идеялар жүзеге асыру үшін 39 адамға 200 АЕК көлемінде 21,0 млн теңгеге мемлекеттік гранттар беру жоспарланды. Қазіргі күні 10 көп балалы анаға 5,5 млн теңгеге мемлекеттік гранттар берілді.

Үшінші бағыты бойынша, «Халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және еңбек ресурстарының ұтқырлығы арқылы еңбек нарығын дамыту».

Осы орайда 80 адамды өлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналастыру жоспарланып, 14746,0 мың теңге қарастырылды. Қазіргі күні 66



арналған адам өлеуметтік жұмыс орындарына жолданды.

– Жұмыссыз жандар мен жаңадан бітірген жас мамандарды қоғамдық жұмыстарға, жастар тәжірибесіне орналастыру жөнінде тоқталсаңыз.

– Жалпы ағымдағы жылы 85 адамды жастар тәжірибесіне бағыттау жоспарланды. Осы бағытта 33801,0 мың теңге қаржы қарастырылды. 36 адам жастар тәжірибесіне жолданды. Уақытша сипаттағы қоғамдық жұмыс орындарына 418 адамды уақытша жұмысқа орналастыру жоспарланды. Қазіргі күні 486 адам қоғамдық жұмыстарға жолданды. Қазіргі күні халықты жұмыспен қамту бойынша 2020 жылға

арналған

Кешенді жоспар жасақталуда. 2020 жылдың 1 шілдесіне Мемлекеттік атаулы өлеуметтік отбасында 1336 адамы бар 234 отбасына тағайындалды. Оның ішінде 1277 адамы бар 221 отбасына шартты және 59 адамы бар 13 отбасына шартсыз көмек тағайындалды. Шартты Атаулы өлеуметтік көмек алатын отбасылардың ішінде жұмысқа қабілетті 87 адамды жұмыспен қамтудың белсенді шараларына тартылды. Атап айтқанда 61 адам тұрақты жұмысқа, 20 адам ақылы қоғамдық жұмысқа, 6 адам өлеуметтік жұмыс орындарына орналасты.

– Біздің ауданда «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасының іске асырылуы жөнінде мәлімет берсеңіз.

– Нақтырақ айтсақ, бағдарлама шеңберінде Қараой мектеп-балабақшасы ғимаратына күрделі жөндеу, Сапақкөл орта мектебі ғимаратына күрделі жөндеу, Құрман орта мектебі ғимаратына күрделі жөндеу, Саралжын дәрігерлік амбулаториясына күрделі жөндеу, Жекенді дәрігерлік амбулаториясына күрделі жөндеу, Кесембай медициналық пунктінде күрделі жөндеу, Берсиев дәрігерлік

амбулаториясына күрделі жөндеу, «Ойыл аудандық мәдениет үйі» МКҚК ғимаратына ағымдағы жөндеу, Жеке тұрғын үй құрылысын дамыту үшін ауыз су құбырының құрылысы, Ауыз сумен қамту нысанының құрылысы, Ө.Молдағұлова көшесінің жолын ағымдағы жөндеу жұмыстары жоспарланып отыр. Жоспарланған жобаларға жұмыспен қамту орталығы арқылы 99 адамды жұмыспен қамту жоспарланды. Қазіргі күні 12 жобаға 71 адам жұмысқа жолданды. – Сұхбатыңызға рақмет.

Сұхбаттасқан:
Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТАРЫ, СОНДАЙ-АҚ РЕСПУБЛИКА АУМАҒЫНДА ЖҮРГЕН АДАМДАР ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРІН ҚҰРМЕТТЕУГЕ МІНДЕТТІ.

МЕМЛЕКЕТТІК ТУ, МЕМЛЕКЕТТІК ЕЛТАҢБА, МЕМЛЕКЕТТІК ГИМН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы - ортасында шұғылалы күн, оның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген тік бұрышты көгілдір түсті мата. Тудың сабының тұсында ұлттық өрнек тік жолақ түрінде нақышталған. Күн, оның шұғыласы, қыран және ұлттық өрнек бейнесі алтын түстес. Тудың ені мен ұзындығының арақатынасы - 1:2.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы – дөңгелек нысанды және көгілдір түс аясындағы шаңырақ (киіз үйдің жоғарғы күмбез тәрізді бөлігі) түрінде бейнеленген, шаңырақты айнала күн сәулесіндей тарап уықтар шаңырақ. Шаңырақтың оң жағы мен сол жағында аңыздардағы қанатты пырақтар бейнесі орналастырылған. Жоғарғы бөлігінде – бес бұрышты көлемді жұлдыз, ал төменгі бөлігінде «ҚАЗАҚСТАН» деген жазу бар. Жұлдыздың, шаңырақтың, уықтардың, аңыздардағы қанатты пырақтардың бейнесі, сондай-ақ «ҚАЗАҚСТАН» деген жазу – алтын түстес.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимні - осы Конституциялық заңда көзделген жағдайларда орындالاتын музыкалық-поэтикалық туынды.

Азаматтыққа және отансүйгіштікке, өз Отаны - Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін құрметтеуді қалыптастыру, сондай-ақ олардың мәні мен маңызын түсіндіру мақсатында оларды оқыту оқу бағдарламаларына енгізіледі. Мемлекеттік рәміздерді білу, оларға құрметпен қарау ер адамның борышы.

Ойыл ауданаралық әділет басқармасы.

Тамыздың бір күні



Хәлі мынау, тамыздың күйіп тұрған, Тауда еңкейіп қалғандай, биік тұрған. Шақырайып, шақалға шашылған күн, Қылтиған көк мойынын, қиып тынған. Ақ сағымға шомылып алыстайды, Ақбұлақтың сілемі тиіп тұрған. Кепкен жерді, киіздей бұрқ еткізер, Кезбе-құйын.. кенеттен ұйытқыған. Қыр арқасы көрсетіп сылдыр етіп, Күн күйдіріп өткендей күлдіретіп. Сағағынан сарғайған қамыс-қурай, Көктен жаңбыр сұрайды, дір-дір етіп.. Үйзедейді, төрт түлік көлге келіп, Жоллаушыға барады, жерге еріп. Ауыл үстін айналып тұрған аспан, Жерге құлап түсердей, дөңгеленіп. Күн-ерішшек.. қайтқанда, уыт демі, Тіршіліктің сырғыды суық тері. Көптің бетін көтеріп зілдей толқын, Жағалауды қайтады жуып..кері. Тамыз-қызың бір күнігі от - құшағынан.. сытылған жер, ақырын.. "Ух!" деді..

МЕХНАТ ТЕМИРТАСҚЫЗЫ

СПИСОК ГОСУДАРСТВЕННЫХ УСЛУГ, ДОСТУПНЫЕ ДЛЯ ОФОРМЛЕНИЯ ПОСРЕДСТВОМ МОБИЛЬНОГО ПРИЛОЖЕНИЯ «E-GOVMOBILE»

Приложение 3

№	Код услуги	Наименование услуги	Дата запуска Android	Дата запуска iOS
1.	P30.01	Получение справки о зарегистрированном юридическом лице, филиале или представительстве	02.10.2019	02.10.2019
2.	P30.02	Получение справки о наличии филиалов и представительств юридического лица	02.10.2019	02.10.2019
3.	P30.07	Получение справки о последних внесенных изменениях в учредительные документы	02.10.2019	02.10.2019
4.	P30.05	Получение справки о всех регистрационных действиях юридического лица	02.10.2019	02.10.2019
5.	P10.01	Выдача справки о наличии либо отсутствии судимости	02.10.2019	02.10.2019
6.	P10.02	Выдача сведений по учетам Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан о совершении лицом административного правонарушения	02.10.2019	02.10.2019
7.	P33.01	Получение справки о признании юридического лица бездействующим юридическим лицом или причастности его участников к бездействующим юридическим лицам	02.10.2019	02.10.2019
8.	P1.21	Проверка статуса индивидуального предпринимателя	02.10.2019	02.10.2019
9.	P30.04	Получение справки об участии физического лица в юридических лицах, филиалах и представительствах	02.10.2019	02.10.2019
10.	P6.04	Получение информации о назначении пособий на рождение ребенка и по уходу за ребенком по достижению им возраста одного года	02.10.2019	02.10.2019
11.	P6.08	Получение информации о подтверждении инвалидности	02.10.2019	02.10.2019
12.	P6.60	Справка по расчету размера базовой пенсионной выплаты	02.10.2019	02.10.2019
13.	P6.31	Получение справки, подтверждающей принадлежность заявителя(семьи) к получателям адресной социальной помощи	02.10.2019	02.10.2019
14.	P80.01	Выдача информации о состоянии пенсионных накоплений (с учетом инвестиционного дохода) вкладчика (получателя) единого накопительного пенсионного фонда	02.10.2019	02.10.2019
15.	P7.04	Выдача справки с наркологической организации	02.10.2019	02.10.2019
16.	P7.05	Выдача справки с психоневрологической организации	02.10.2019	02.10.2019
17.	P7.06	Выдача справки с противотуберкулезной организации	02.10.2019	02.10.2019
18.	P6.02	Проверить социальный статус	02.10.2019	02.10.2019
19.	P25.09	Запрос личного дела	02.10.2019	02.10.2019
20.	CMDSearch	Поиск пользователя в базе мобильных граждан	02.10.2019	02.10.2019
21.	SR.07	Просмотр сроков действия прохождения технического осмотра	02.10.2019	02.10.2019
22.	P65.04	Выдача справки о статусе стипендиата международной стипендии «Болашак»	02.10.2019	02.10.2019
23.	SR.04	Проверка чеков выданных egov.kz	02.10.2019	02.10.2019
24.	SR.05	Проверка документов выданных egov.kz	02.10.2019	02.10.2019
25.	P3.16	Выдача приложения к техническому паспорту, содержащему сведения о собственнике	02.10.2019	02.10.2019
26.	P3.061	Справка об отсутствии (наличии) недвижимого имущества	02.10.2019	02.10.2019
27.		Выдача и отзыв регистрационного свидетельства Национального удостоверяющего центра Республики Казахстан	02.10.2019	02.10.2019
28.	P3.14	Выдача справки по залогу движимого имущества, не подлежащего обязательной государственной регистрации	02.10.2019	13.01.2020
29.	P30.08	Получение справки о наложенных обременениях (арест) на долю юридического лица	25.11.2019	13.01.2020
30.	P30.03	Получение справки об участии юридического лица в других юридических лицах	25.11.2019	13.01.2020
31.	SR.11	Сервис получения третьими лицами справки о наличии либо отсутствии судимости	25.11.2019	13.01.2020
32.	SR.11	Сервис получения третьими лицами справки подтверждающей принадлежность заявителя (семьи) к получателям адресной социальной помощи	25.11.2019	13.01.2020
33.	SR.11	Сервис получения третьими лицами адресных сведений с места жительства	25.11.2019	13.01.2020
34.	SR.11	Сервис получения третьими лицами справки об отсутствии (наличии) недвижимого имущества	25.11.2019	13.01.2020
35.	SR.14	Проверка наличия запрета на выезд за рубеж по реестру должников, которым ограничен выезд за рубеж и реестру должников по исполнительным производствам	25.11.2019	13.01.2020
36.	P6.01	Получение справки о пенсионных отчислениях	24.12.2019	13.01.2020
37.	P3.05	Получение справок о зарегистрированных правах (обременениях) на недвижимое имущество и его технических характеристиках	24.12.2019	13.01.2020
38.	P30.10	Получение справки о совпадении наименования создаваемого юридического лица с наименованием зарегистрированного хозяйствующего субъекта	24.12.2019	13.01.2020
39.	P25.10	Запись на тестирование на оценку личных качеств	24.12.2019	13.01.2020
40.	P40.05	Предоставление сведений, подтверждающих регистрацию по постоянному месту жительства в населенном пункте приграничной территории	24.12.2019	13.01.2020
41.	P30.06	Получение справки о зарегистрированном юридическом лице на заданную дату	23.12.2019	13.01.2020
42.	SR.03	Проверка лицензий и разрешений	24.12.2019	13.01.2020
43.	SR.02	Просмотр очереди в детский сад	24.12.2019	13.01.2020
44.	P7.01	Вызов врача на дом	24.12.2019	13.01.2020
45.	P30.11	Выдача справки о регистрации (перерегистрации) юридических лиц, учетной регистрации (перерегистрации) их филиалов и представительств	13.01.2020	13.01.2020
46.	K10.04	Пополнение депозитного/кредитного счета в АО «Жилстройсбербанк Казахстана»	13.01.2020	13.01.2020
47.	P20.45	Государственная пошлина за получение удостоверения личности	13.01.2020	13.01.2020
48.	P21.09	Оплата налогов и других обязательных платежей в бюджет	13.01.2020	13.01.2020
49.	P20.45p	Государственная пошлина за получение паспорта	13.01.2020	13.01.2020
50.	P1.28	Просмотр и оплата предстоящих налоговых платежей физических лиц	13.01.2020	13.01.2020
51.	K10.02	Оплата мобильной связи	13.01.2020	13.01.2020
52.	P7.03	Прикрепление к медицинской организации, оказывающей первичную медико-санитарную помощь	24.12.2019	20.02.2020
53.	P3.08	Выдача справок о зарегистрированных и прекращенных правах на недвижимое имущество ФЛ	24.12.2019	20.02.2020
54.	P40.41	Регистрация детей до 16 лет по месту жительства	13.01.2020	20.02.2020
55.	P7.02	Запись на прием к врачу	13.01.2020	20.02.2020
56.	P1.27	Просмотр и оплата налоговой задолженности	13.01.2020	20.02.2020
57.	P21.01	Поиск и оплата административных штрафов и штрафов за нарушение правил дорожного движения	13.01.2020	20.02.2020
58.	P40.07	Получение водительского удостоверения	19.02.2020	20.02.2020
59.	P40.08	Регистрация по месту жительства граждан РК	24.12.2019	20.02.2020
60.	P40.08.VR	Временная регистрация по месту жительства населения Республики Казахстан	23.12.2019	20.02.2020
61.	REG01	Государственная регистрация и учет отдельных видов транспортных средств по идентификационному номеру транспортного средства	На доработке	В разработке

ҚОЙДЫҢ ЕМДІК ҚАСИЕТТЕРІ

Ертеректе дәрі тапшы болса, қазір удай қымбат, химиялық құрамына да сенуге болмайды. Осындай сәтте халық медицинасында баяғы заманнан келе жатқан қазақи емнің түрі - көдімгі қойдың емдік қасиеттері жайында білген де артық болмас.

- **Теріге түсіру** — қой терісімен жел, күз, қыяң ауруына шалдыққандарды емдеген. Ол үшін семіз қойды бітеу сояды да, оған ерменді бүрімен қоса қайнатып, суын терінің ішіне құяды. Науқас адамды шешіндіріп, 2-3 сағаттай сол теріге орап қояды. Бұл өдіс «теріге түсіру» деп аталады. Теріге түскен адам жылы оранып жатып, 2-3 күндей сорпа ішіп күтінуге керек.

- **Қой құйрығы** — жөтелді басып қақырықты түсіреді. Тумаудан кейінгі созылмалы жөтелге құйрық майды ыстық сүтке ерітіп ішеді. Суық тиген баланы да құйрық маймен сыласа, жазылып кетеді.

- **Қойдың жыны** — буын, тізе сырқырағанда, қолданады. Жаңа сойылған қойдың қарнын жынымен қоса алып, оны ыдыстағы ыстық суға салады. Содан кейін қарынның үстіңгі жағын тіліп, науқастың екі аяғын жына батырып, жылылап орайды. Ыдыстағы су салқындай бастаса, үстіне ыстық су құю керек. Булаудан шыққаннан кейін жылы киінген дұрыс.

- **Қойдың өкпесі** — жөтелді тоқтатып, несеп жолдарының жұмысын реттейді, ісікті қайтарады. Егер жас қойдың өкпесін тілгілеп, сірке суы қосылған суға қайнатып, күнде екі-үш тілімнен жесе, қақырықты түсіріп, өкпе демікпесін басады. Қойдың тоқ ішегін сабидің көк-

бауыры ауырғанда шажырқай майын сыдырмай, дөңгеленген күйінде кіндіктің үстіне қойып, сыртынан орап қояды. Егер ішектің жылы бөсендесе, торсыққа жылы су құйып, ішектің үстіне қояды. Бұл емді бала терлегенше бірнеше рет қайталайды.

- **Қойдың қарны** — асқазан, ішек жолдарының дертіне, әйелдер ауруына, құяңға қолданады. Науқас адамның екі аяғын кесіліп, ыңғайлап отырғызады да, жаңа сойылған семіз қойдың қарнын жылы күйінде оның құрсағына қойып, сыртынан орап тастайды. Біраздан соң науқас ағыл-тегіл терлейді. Тері қалмас үшін екі-үш сағаттан соң киімді ауыстыру қажет. Бұдан кейін де бірнеше күн сорпа ішіп күтінген жөн.

- **Қой өті** — шаштың арасына ұсақ бөртпе түскенде қолданады. Шашты тақырлап алып тастап, басты сабындап жуғаннан кейін бөртпенің бетін су қосылған өтпен сүртсе, бөртпе тез жазылады.

- **Қойдың жілік майы** — туберкулезбен ауырған өлсіз адамдар, жиі ауыратын жас балалар жесе, мың да бір дауа.

- **Жаңа сойылған қой өті** — жұқалап тіліп, жылығанда пайда болған ісікке тағып тастаса, ісік тез қайтады өрі жара іріңдемейді. Шыққанға, сыздауыққа таңса, жара аузы ашылады.

- Қойдың етін күйдіріп, күлін сірке суына езіп, жылан, шаған шаққан жерге таңса, уытты қайтарады, сыздап ауырғанын басады.

Еті сылынып алынған қойдың сүйегін шауып, ұзақ уақыт қайнатып, сорпасын мөшел балаға үнемі ішкізсе, нәресте тез оңалады. Бұл ем сынықтың тез бітуіне де көмектеседі.

АДЫРАСПАН – КИЕЛІ ШӨП

Шығыс халқы адыраспанның киесі бар деп есептеген. Тіпті оны аяқ астында тапмай, ат үстінен керекті мөлшерін ғана алып ем қылатын. Үйге ырыс, бақ әкелсін деп босағаға іліп қоятын. Әлі күнге дейін өзбектер жол сапары сәтті болсын деп машинаның алдыңғы әйнегіне іліп қояды екен. Жас келін босанғанда, сәбилер сырқаттанғанда, өкпе ауруына шалдыққанда адамдарды аластайды екен. Адыраспанға қылшаны және ермен, кермек жан шөптерін қосып, күн батар кезде әдейі арналған ыдысқа өртеп, оның түтінімен емдейді.

Адыраспан - көпжылдық өсімдік. Оның сабағы бұтақшалы, тамыры діңгекті, жапырақтары тілімденген, кезектесіп орналасқан. Бес күлтешесі бес бөлімді. Аталығы он бес, гүлдері ақ-сарғылт. Жемісі дөңгелек тәрізді қауашақ, ірі қоңыр түсті көп тұқымды болады.

Қазақстанда адыраспанның бір-ақ түрі өседі. Биіктігі 20-60 см. Гүлдену мерзімі – мамырдың аяғы мен маусым айында. Шілде айында жемісі тола бастайды.

Адыраспанның химиялық құрамында гармалин алкалоидтары бар. Гүлі мен сабағында печаник алкалоиді бар. Бұл өсімдік улы дәріге жатады.

Адыраспан - ең көп тараған емдік шөптердің бірі. Одан жасалған гармалин алкалоидының әсері банистерин алкалоидынан асып түседі. Ол энифеалит ауруын емдегенде жақсы нәтиже береді.

Ауруға шалдыққан адамның жүйке жүйелері асқынып, ұстамалы қояншық (эпилепсия) ауруы мен қалтырау салына (дрожательный паралич) шалдыққанда қолданылды.

Халық емшілері құяңмен ауырғанда адыраспан жапырағымен булауды ұсынады. Көп жағдайларда булау жасап, ісіктерге де басады. Өртүрлі тері ауруларына және ревматизмнің салдарынан сүйектер сырқырап ауырса, адыраспаннан жасалған булау табылмайды ем.

Адыраспанның ерекше қасиеті - өкпе ауруына ем. Өкпе туберкулезі, демікпе, ентікпе, тағы да басқа өр түрлі өкпе ауруларына шалдыққанда адыраспанды пайдаланған.

Көп жағдайда суық тиіп, ауру басталғанда адамның денесі мұздап, қалтырап берекесі кетеді. Сол кезде адыраспанның қайнатпасын іше, ауруды жеңілдетеді. Тер шығу мен несеп айдау адыраспанның ерекше қасиетінің бірі. Безгек ұстағанда да көп адамға ем болған. Адыраспанның талаурауға, қалтырау қарсы қабілетін пайдаланып, оала кетермеген әйелдерді де емдеген. Адамдар адыраспанды бояу ретінде де қолданған. Мысалы, шөптің тұқымымен жүннен тоқылған бұйымдардың түрін қызыл түске бояп, тіпті заттың күн ырына өңін бермейтін амалын тапқан. Түркияда ерте заманнан-ақ адыраспаннан өдемі қызыл бояу алып, онымен бас киімді бояп киген. Бояудың 10 граммымен 5 шаршы метр жібікті, 50 шаршы метр матаны алқызыл етіп бояуға болады. Қазақ адыраспанның тұқымымен қойдың, түйенің жүнін бояп, алашаға, текеметке көрік берген.

Адыраспан - улы, сасық иісті, жұмыр өсімдік. Көбінесе жол жағасында, шөлейтті, ірі құрғақ жерлерде өседі. Құрамында адыраспан сілтісі мен ұша майы бар.

Жинау мен өңдеуіне келер болсақ, жердегі бөлігі және тұқымы дәріге пайдаланылады. Жер үстіндегі бөлігін жазда немесе күзде жинап, жас күйінде немесе кептіріп турап жасайды. Ал тұқымы піскенде жинайды. Бір ескере кететін жайт: адыраспан улы болғандықтан, пайдалану мөлшерін сақтап (сабағы мен жапырағынан 4-8 грамм, тұқымынан 0,1-0,5 грамм), абайлап қолданған жөн.

Сабағы мен жапырағын қайнатып, мөлшерімен іше, талма, сап, ұмытшақтық, суықтан болған ми қабынуы және тарамыс ауруларына жақсы ем. 500 грамм шөбін 0,5 литр қызыл араққа қайнатып, күніне 30 грамнан 1 ай іше, талма, бастың созылмалы ауруынан айықтырады.

Күніне 4-6 грамнан онбес күн іше, ревматизм ауруын басады. Оған жанышылған зығыр тұқымын қосып, жалғастырып іше, демікпені жазады. Тісті адыраспан шөбімен ыстаса, қақсап ауырғаны басылады.

Буынның жел-құз қоздырған қабынуына қолданылады. Ол үшін жас сабағы мен жапырағын жаншып, буынға таңады.

Приложение 4

СПИСОК ГОСУДАРСТВЕННЫХ УСЛУГ И СЕРВИСОВ, ДОСТУПНЫЕ ДЛЯ ОФОРМЛЕНИЯ ПОСРЕДСТВОМ МОБИЛЬНОГО ПРИЛОЖЕНИЯ «ТЕЛЕГРАММ-БОТ»

№	Услуга	Наименование госуслуги
1.	госуслуга	Представление сведений, подтверждающих регистрацию по постоянному месту жительства в населенном пункте приграничной территории
2.	госуслуга	Справка об отсутствии (наличии) недвижимого имущества физического лица
3.	госуслуга	Выдача справки о зарегистрированных правах (обременениях)на недвижимое имущество и его технических характеристиках
4.	госуслуга	Прикрепление к медицинской организации, оказывающей первичную медико-санитарную помощь
5.	госуслуга	Вызов врача на дом онлайн
6.	госуслуга	Выдача справки о наличии либо отсутствии судимости
7.	госуслуга	Выдача справки о психоневрологической организации
8.	госуслуга	Выдача справки с наркологической организации
9.	госуслуга	Выдача справки с противотуберкулезной организации
10.	госуслуга	Справка о зарегистрированном юридическом лице, филиале или представительстве
11.	госуслуга	Справка о наличии филиалов и представительств юридического лица
12.	госуслуга	Справка об участии физического лица в юридических лицах, филиалах и представительствах
13.	госуслуга	Выдача информации о состоянии пенсионных накоплений (с учетом инвестиционного дохода) вкладчика (получателя) единого накопительного пенсионного фонда
14.	госуслуга	Выдача информации о поступлении и движении средств вкладчика единого накопительного пенсионного фонда
15.	госуслуга	Выдача сведений по учетам Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан о совершении лицом административного правонарушения
№	Услуга	Наименование госуслуги
1.	Сервис ПЭП	Сколько людей прописано в моей квартире
2.	Сервис ПЭП	Справка по расчету размера базовой пенсионной выплаты
3.	Сервис ПЭП	Проверка наличия запрета на выезд за рубеж по реестру должников, которым ограничен выезд за рубеж и реестру должников по исполнительным производствам
4.	Сервис ПЭП	Проверка социального статуса
5.	Сервис ПЭП	Бронирование очереди в ЦОН
6.	Сервис ПЭП	Залог подвижного состава, Залог движимого имущества, не подлежащего обязательной государственной регистрации, Залог автотранспорта, Залог сельхозтехники
7.		Ближайший ЦОН

Күн төбеден ұзамай, ыстығы шекені шағып тұрған шаңқай тұс, әрі-бәрі жүрген соң жатаған көліктің іші, тек ақ бұйы ғана жетпейді демесең, қыз-қыз қайнаған моншаға айналды шыға келді. Соңғы кездері жанары лайланып, өзі жүріп-тұруы мұң болып кісіге қарап қалған шешемнің жүзінен бір қуаныш байқағым келген. Бірақ дәл жанымда отырса да жасауарй беретін көрі жанардан ештеңе аңғара алмадым, көлік шайқаған сайын құлағындағы ай сырғасы төрбетіліген пұшық сары көмір сыр білдірер емес. Жермен-жек-сен машиненің қуыс-қуысынан шаң кіріп, шоқалақта ішек-қарныңның орнын ауыстырардай зіркілге басқан жүрісіне де, шопыр баланың шылмы мен алдыңғы орындықтағы жуан өйелдің тұсынан шыққан қолғаңа иіске де қабақ кіржітпей-ақ келеді. Көптен бері үй сорып, қыр иісін аңсай бастаған көрі көңілдің гүрлідеген «Жигулимен» қатар шаужайласа шаба жөнелгісі келетін қуанышы сезілмейді.

Біздің жақта алыстан мұнартып көрінетін, көрінген бойда арса-арса сілемдері мен тік-рейген шатқалдары «ар жағында не бар екен?» дегізің қиялыңды тербей жөнелетіні тау жоқ. Тауың не, есейген сайын қым-құбыт тірлікте өр нәрседен қағажу көріп төменшіктеген көңіліңді бір сөт болса да белден асыра көтеріңкіреуге жарайтын төбе болса-шй! Ол да жоқ. Аспанға көтерілген ақ шаңы лезде айналаны тұтып қалатын ку тақыр. Осындайда қырдағы ел үшін нерселетіп төгетін жаңбыр арман. Қапырық пен мөшиненің майының иісінен басым айналды. Отыз жылда бір жөндеу көрместен өрі-бәрі өткен көліктің астында алжа-алжасы шығып кеміріліп қалған жол да, ала жаздай тамшы тамбай, шау тартып шаршал жатқан дала да, шақырайған күн де еңсемді баса түседі. Баяғыда ғой, жаз болса, аңызға ұрып, топырақ борап тұратын, қысы да қытымыр, бір-біріне сүйеніскен үйлері көзге қораш ауылда туағанына ішімінен өкінітін, «неге ғана бір өдемі қалада тұмадым, мысалы, Мәскеуде, болмаса Алматыда тұған болсам ше?» деп қиялға берілетінін ойыма оралды. Мектеп пен ауылдың арасы бес шақырым еді, қырсықанда оқу да мұнша ұзақ болар ма, сол кезде осы қара жолдың бойында көктем мен күзде батпаңдай болып балшық жабысқан аяқ киімімді зорға сүйреп тайғанактап келе жатып, «осыдан қалаға оқуға түсейін, осы ауылға қайтып келмесің» дейтінін, өйтеуір, ешкім ешқайда асықпайтын, адамдары тым бейқам, мал баққаннан басқа шаруаға мойны жар бермейтін осы жым-жырт ауылды да, бұралаң-бұралаң қара жолды да ұмытқым келетін.

– Баяғыда «девитпен» өкең екеуміз осы жолмен қайда бармадық, ой, дүние ай, – деген шешемнің қарлығың даусы ойымды бөліп жіберді. Көрі адам өбден тозған жолды көңілімен-ақ көріп отырса керек. Күнінде бұл кісі де қыдырылмапз болатын. Кейде ауыл маңынан ұзамай қалса, өз үйі өзіне тарлық етіп, пісірген асының да тұзы татымауына айналатын шешем бөрінен бұрын күйеуінің қара сұр «УАЗ»-ына мініп қыдырғанда жаны кіріп, жасарыққырап кететін. Қазір ғой, төбесінен ұшар құс болса – үркітіп бағатын шалы кетіп, бала-шағаға қарап қалғаны, өлі де өзі от жаққан жерге жиірек келгісі келгенімен, жұмысбасшы бала-келіннің қолы тие бермейді. Енді, міне, ағамның қалдағы айда өзім апарам дегеніне қарамай, біреудің жамап-жасқап жүргізіп жүрген көлігіне жармасып келе жатқаны. Бір төуір, жасы тоқсанға таяса да жол көтере береді.

Қызыл кірпіші ойымшанып жарылып кеткен үйіміз көрер көзге аласарып қалыпты. Қолыңдағы таяғын ебедейіс ұстап, өзі біресе есікке, біресе қабырғаға соғылып, сүрінп-қабынып ішке енгелеген шешем бүкішіп алған күйі сүзіп жіберуге оқталған сиыр секілді басын екі жаққа кезек шайқап бірдеңе іздейтіндей. Көзі көрмей қалған соңғы жылдары тапқан өдеті, оның үстіне, көзіне ілген жасыл көзді көзілдірігі де қарақолөңке жерде сеп болмайтындай.

– Кілтті болатын еді, мына қуысты қарашы, өй, қыз. Кілт өзінің өзгермейтін орнында, сенеді табалдырыққа жалғайтын тақтайдың астындағы ескі көлөштің ішінде екен. Менің бала кезімде бұл есікте құлыптың ізі де жоқ еді, тоқсаншышы жылдары алақандай ауылда тауық та, табақ та қолды бола бастаған кезде үйін құлыптай бастаған ауыл қазаны сол кілтті мұқияттап көзден таса жерге жасыруды ақыры үйренбей кетті. Шешем дүңк-дүңк басып үйге кіре сала терезелердегі күнге өбден күйген газеттерді қаудырлатып жыртып, жабындарды ысырды да, бұрышта тұрған екі есікті, ортасы әйнекті бүфетке қарап ұзақ тұрды. Көзі жасаурады ма, немене...

– Мынау баяғыда, үйленген жылдары өкең атақты шеберге бір құнан беріп жасатқан бөпел еді, іске алығсыз болып қалды ақыры. Сарғыш бүфеттің төменгі қақпақтарын айқара ашып, ішіне үйілгенде бүкіл денесімен өнеміне еніп кетердей. Кезіндегі етженді мол денесі осыншалық кішірейіп кеткенін енді анық байқадым.

– Осы сөбетсіңі ыдыстардың бәрін өзім жинап едім, ойбай-оу, қарашы, қаншама төрелке, көселер... обал-дағы-ай... Міне, бөрінің астында «П» деп тұр, баяғыда той жасаған жұртқа бергенде ауысып кетпесін деп жазып қойған лепкен. Шешем «сөбетсіңі» кеселерді көзіне тақап тұрып, кеседегі гүлдеріне нұры тайған жанарымен ішіп-жеп қарайды.

– Мына сербезді баяғыда өкең Ялта деген жерден екелген, анау төрелкені Социден бе, жоқ, ей, Мәскібадан екелген екен ғой... Мынаны қарашы, мынаны... Керім құман емес пе? Жап-жанна, аппағыммен қарап тұр. Осыны қазір де қолдануға болады ғой біздің келіндерге. Баяғыда осы ауылда той болса, жалыны сұрап өкететін, талай құданы күткен құтты шыны аяқтар ғой. Ойбуу, қайран есіл дүние-ай... Қалды ғой бәрі, ешкімге керексіз

болып... Өзіңнен күш пен билік кеткен соң осы екен ғой...

Тұра берсем, төрелкелер тарихының созылып кетерін ойлап келесі бөлмеге шықтым. – Мынау баяғы шілпәнер, кілтін алып шығып едім, қай қалтама салдым екен, – деп саңқылдады артымнан ере кіріп. Даусы жарқын-жарқын шығады. Баяғы шалы бар кездегідей. Баяғы осы үйге басын кегжітіп алып кіріп-шығып жүрген жастау уағындағыдай. Көңіл-күйі де ерекше. Байқаймын, ол бүгін ғаламат бір музейге келгендей күйде. Және ол музейдің иесі өзі болса, көңілі қалай аспандамасын. Өшейінде «көзден дым жоқ, бұалдыр тұман болады да тұрады» дейтін шешем айналы ескі шифонердің есігін ашып алып ақтарып, өзімен-өзі сөйлесіп кетті.

«Баяғыда осы маталарды киітке салатынбыз, бата оқырға аппаратынбыз, қазір қалды ғой. Қазіргілер ондай апармайды дейді, құтырған ғой кілең. Мынау баяғы пом барқыт, мынау кірепдешин, мынау... паф-паф, таза жібек, бұны баяғыда Ақтөбеге құдалыққа барғанда киізген. Енді жатыр бостан-босқа... Шіріп...»

– Өй, қыз, саған керек емес пе?
– Керек емес, оны қайтем?
Шешемнің даусы шаңқ етті:
– Қайтемі несі? Көйлек тіктірі! Қонаққа барғанда ұстай бар!
– Қойшы, керек емес, модадан қалған ғой бұлар, ел күлер.

ҚАРА ҚАЗАН

– Өй, қара қасқалар, өне, бұлар сөйтеді! Өлгі біздің келін де сөйдейді, өткенде құдалықта киітке салайын десем, «ескі замандыкі, ұят болар», – деп жолатпай қойды ғой. «Қазір мұндай салмайды, алтын білезік кігізеді» деп. Мен ғой осыларды өмір бойы жинадым.

– Бекер жинағансыз, сол кезде өзіңізге көйлек тіктіріп қызығын көрмедіңіз бе?
– Кемпір шанышыла қарады. Оты қайтқан сұр көздеріне өп-сөтте ашу тұна қалған.

– По, шіркін! Ақыл үйретеді тағы! Иә, сөңдер ақылдысыңдар ғой! Мына біз ғой ақым мақ болған... Өмір бойы жинадық, өзімізден аяп... Ақша жинадық ізберкөссіге салып, онысы жанып кетті деді ме, күйді деді ме, жоқ қылды, киітке деп қаншама жағалы киімді сандыққа сақтап едік, біреуі пайдаға аспады, өйтеуір, біздікінің бәрі қисық болып шықты ақырында... Есіл дүние... Соңғы жағында шешемнің даусы жасып шықты.

Гөй-гөй ұзаққа созыларын шамалап басқа бөлмеге жылжыдым, аяқ астында жатқан ауыр қызыл кілем де баяғысына қарап тұр. Кілемнің астына жіберген текемет те сынын жоғалтпай жатыр-ау. Осы ауылдың өйелдерінің шуаш сасып жүнді пісіріп, ақ тер, көк тер болып қарнып, жүнді боап, ою салып, текеметтерді қалай басқаны, ас жеп, шай ішіп отырып талай өңгіменің басына су құйғаны есімде. Жүз шақты қойы бар үйде ондай мереке жиірек болатын. Қазір оны еске салсаң, өзде іші толып, ернеуінен асып төлеге жаздап жүрген көрі адам ақтарылып кешке дейін сарнап тоқтамасы анық. Онысыз да аға-женгем қалаға көшкенде жаңа үйге бөрің жаңадан алып, ауылдағы үйден ештеңе тасымағанын, сөйтіп қарайған дүниенің ресуба болғанын қырық рет айтқан шығар. Құнзаққа жол бойында басы артық тіл қатпаған шешем бар сөзін осы сөтке арнайы сақтағандай өр затты қолына ұстап, өр дүниесін быртыған қысқа саусақтарымен нұқпып, менің көзіме шұқып тұрып көрсетеді.

– Мына кілемді алу үшін, ана істенкіні алу үшін қанша жүрдік? Ол заманда ағаш алу да бір ақырет еді ғой.

Ішін өз-өзінен салқын тартап, көптен иесіз тұрған үйде бойым тоңазды ма, сол кездермен бірге қайтып орнамалтын балалық шағымның елесі жанымды шымшып өтті ме, қалтырай бастадым ба-ау, түсініксіз бір сезім. Бес бөлменің қайсысына кірсем де, жылпылж жоғалған. Өкемінің мазасын май ішкендей етіп, құлағына қысы-жазы құйып жүріп қол жеткізген қызыл ағаштан жасалған жиһаз төрді түгел алып үнсіз мөлшешеді.

– Мына телебездіңді айтсаышы, Құдай біледі, өлі жасап тұрған шығар-ау. Қалтасынан қол орамалын алып, төр алдындағы сандық секілді ескі түрлі-түсті теллидардың шанын сұртті.

– Шығайық, – деймін.
Ол естімеген түрмен өр бөлмеге бір кіріп, терезеге тұтқан жабынды бетіне тақап, кілемдерін қолымен аялай сілпалап, түртіпектеп жүріп алды. Қолындағы таяғын о жер, бұ жерге түйреп, тенселе басып, өзі көрмейтін көзін одан өрмен көлегейлеп жүріп төмпіш сары кемпір ескі-құскы жиналған сарай, құлап жатқан қора, отын қораға дейін қалдырмай аралап шықты. Ойпырмай, бұ кісінің дүниеқорлау екенін білетінмін, бірақ біреулер үшін түкке тұрмайтын көкір-шүкірді осыншалық жақсы көретінмін... Ерте қала көріп саяқшып кеткеннен бе, болмаса о бастан қаттылау жаралдым ба екен, шешемді осынша толқытқан заттарға жаным селт етпеді, қатты сүйенсең құлап көткелі тұрған, тозған, ескірген, көнетоз, шаң-шаң дүниеден безіп жоғалғым бар.

– Кетеміз бе?
Шешемнің құлағы бітіп қалғандай.

– Мына қазанды алып кетейік деп Құдайдың зарын қылдым, – деді ошаққа кіріп.

– Мынаны қарашы, біреуі емес, екеуі бірдей қалды, жап-жаңа қазан, Құдай-ау, күнінде осы қазанға той мен садаққа ас пісіреміз деп бүкіл ауыл жалынып сұрап жүретін.

– Жарайды, келесіде келгенде алып кетерсіз. Шығамыз ба?
– Тұра тұршы, өй қыз, дігірлемей. Жа-

налқымағ алып болдың ғой! Мына көршілерге қазан керек емес пе екен, барып келші!
– Қай көршіні айтасыз? Айналада үй бар ма?

Шешем бір сөт бөгеліп қалды да, түрі бұзылып кетті.

– Құдай-ау, екі жақта да ешкім жоқ екен ғой. Қараң қалғырлар, бірі қалмай көшіп кеткендері несі? Көршілердің көшіп кеткенін тап қазір естігендей түрі бұзылып жыларман болған көрі адамды аяп кеттім.

– Ана көшеде 2-3 үй қалған сияқты ғой. Жаңа зират басында тұрғанда байқадым.

– Ой, дүние-ай, күнінде қандай ауыл еді! Шешем таңдайын тақылдаатып, басын шайқады.

– Қолың сыңғыр Көрбешов, құртты ғой бөріні! Қит етсе баяғы Горбачевті қарғап-сілейтін шешемнің өдеті. Үнемі осы. Сол жалтырбасың осы ауылға өдейлеп келіп, асылтұқымды сиырларды түн ішінде Түркия асырып, шағу май шығаратын цехтың, наубайхананың қосалқы бөлшектерін үлкен КамАЗ-дармен қосып өлдекімдерге сатып жіберіп, дымсыз қалған елді тентіретіп қалаға қуғандай. Шешем сол жалтырбасыңды қарғай жөнгеленде бай емес пе, момын жұртты пайсыз қалдырып, өздері үш жүк мөшинемнен көшіп қарасын батырған совхоз директорлары мен үлкенді-кішілі басшылар өзінен-өзі кінәсіз болып, ақталып кететін.

– Қазанды алып кетсек қайтеді? Шешем менен бір жөн сөз күтеді. Түбі күйелеш-күйе-

леш қара қазандарын қимай тұр.

– Екеуін де ме?
– Енді бөліп-жарып қайтеміз? Біреу тіпті жаңа, Аштарханнан арнайы алдырғам. Мынау баяғыда өкемінің үйінен келген қазан еді. Өкем колхоздың басшысы болып тұрғанда талай жақсылар мен жайсандар осы қазаннан ас ішіп еді, енді оны айтып кімді сөңдерсіңіз? Ішінде от тұтанғандай жалын ата күрсенеді.

– Ий, қайтесің... Қара қазанның иесіз қалғаны қайбір жақсылық дейсің... Қара қазаның тастай қашқаннан... қайдан білейін енді... Шешемнің пұшайман болған түрін көріп қазанды қалайда өкетеміз дейін десем, мынау тым үлкен абажадай дүние. Тіпті жүк салғышқа сия қалғанның өзінде өкетеуге шошыр бала келіссе жақсы. Кез алдыма мана өзіміз мініп келген Жигулидің иесі келді. Қысы-жазы кісі тасып діңкелеп, қалаға барғанда шаруасы тез біте қоймайтын ауыл адамының әрқайсысына мұрын астынан күңгілдеп жүргеннен бе, беті тыржыиқырап кеткен шопыр баланың кеспірі одан өрі бұзылады-ау деп ойландым. Байқаймын, тайдың еті сиярлық қазанды біреудің көлігімен қалаға өкетемен деуі онша қисынды емесін шешемнің іші де біліп тұрды. Оның үстіне, қалаға апарғанда қайда қоатыны тағы белгісіз, «көліпбала не дейді?» деген сұрақтар ол кісіні енді-енді төңіректей бастағандай.

– Зират басына тағы барайық, – деді шешем даусы құмығып шыққандай болып. «Түскен бойда сапарымызды зират басынан бастаған жоқпыз ба?» дегенді айта алмадым. Өткен күннің белгісі осы-ау дегеннің әрқайсысына бір жармасып, жанына жалау етіп, көңілдіңдегі естеліктерін жаңғыртпақ болған жартыкештеу көңілін көріп өзіміздің де ішім ылқырап тұрған.

– Жаңа төк өкенің басына бардық та кеттік, ақыры келгесін күнінде бірге жүрген келіншектердің басына да соға кетейік. Келіп тұрып қасымызға кідірмеді дейді ғой, – деді ол ақталған дауыспен. Қираған үйінділерден тұратын көшенің ортасында келе жатып та шешем күрсіне берді.

– Мынаның бөрі толған үй еді. Егінің егіп, малын өсіріп отырған ауылды қиратып... Оңбаған... Көрбешовты айтпа да...

Ертегідегі айдаһардың деміне бергісіз ыстықтан жусанның басы бүрісе түскен. Манағында ескі, көлөңке басы да ұзарыпты. Біреудің көңіл-күйінің ауаны қасындағыға да әсер еткізіп пе, енді мен де айналаны шешемнің көзімен шолып, шешем болып ойлай бастадым. Баяғы отқа бас қойған мыңғырған малды жер жұтып алғандай. Алыстан өр жер-өр жерге шашырай жылғылан ұсақ жандық қараңдайды. Шамасы, мына бетте отырған екі-үй бір ауқаттының малын бағып отырған болса керек. Сонау шеттен көдімдідей бәйтерекке айналған ағаш көзге түседі, бұл Қаман ағайдың үйінің маңы болар-ау. Он екі баласы бар ақарлы-шақарлы үйдің иесі پوشа таситын. Бес шақырым өрі, бес шақырым бері жауу желдіртіп өте шыққанда көршісінің аяғына жем түскендей жүрісі маңдымайтын шабаң аты ілбі жүріп, көзі мөлгіген күйі сөлем айтып қалатын көрінеді. Он екі баланы асырау ол заманда да оңай емес, қашан көрсен де торша сеткісі қолынан түспейтін, совхоздан поштамен қосып торша сеткіге салып малдың ішек-қарнын таситын, ал өйелі қашан көрсен де аулада кір жуып отырады не күніне бірнеше рет нан ашытады. Қашан көрсен де, ошаққа тезек қалап не киім жамап отырғаны. Басқа жұрт ол үйімен араласпайтын, поштабайдың қолының сұғанағы бар дейтін. Малы жоғалдардан сол үйдің қора жағына қарап тістеніп өтетін. Бір күні шыдамы таусылған ауыл адамдары елде жоқты шығарып милиция өкілі өмірі кілтпеніп тұратын поштабайдың сарайын аштырғанда, үш қабырғаға мұқият тізілген нешетүрлі құрал-сайманның арасынан бірі өзінің сүйеміні, бірі балтасын, бірі қайласын тауыпты десе-ді. Көп ұзамай ол кісі көшіп кетті. Мына жазықта Алпысбай деген ағай шешесімен тұратын. Екі беті шіқандай, домаланған кемпір сол кездің өзінде қырыққа кеп қалған баласын көзінен таса қылмайтын. Өмірінде үйленбеген ағамыз да мамасына екі

айтықбайтын. Еріккен жұрт не демейді, жел ауыздар шешесі қартайғанда тапқан жалғыз ұлын өйелдерден сұмдық қызғанады екен, үйленбей сұр бойдақ болып қалғаны содан деп сөз қылатын. Бір қызығы – етігіне су кірген бала ең әуелі сол Алпысбай ағайдың үйіне барып киімін кептіріп алатын, онымен қоса қалтасына көмпит салып, ұрты да томпайып шығатын. Ойнап жүріп киімін жұртқандар да сол үйге кіріп, ағай онысын ерінбей көктеп тігіп беретін. Бала біткенге қалтасынан сағыз бен көмпит алып үлестіретін сол ағайдың елдің баласына елжіреп жүретін балажандығына ол кезде мән беріп жаттық па... Әр баланы қуантқан сайын өзін мейірбан өке секілді елестеткен де шығар-ау. Болмаса осы бір көкілі жалбыраған бала менің балам болса ғой деп армандады ма екен...

Зиратқа барғанша да шешемнің аузына дамыл болмады, жасаураған көздерін сығырайтып тұрып қолымен нұсқайды.

– Мына жерде монша болды, ой, енді керім монша еді! Қанша монша көрдім, сондай монша кездескен емес! – деп таңдайын тақылдады. Шешемнің айтып тұрған моншасын мен де көргем. Ескідегі көнетоз естелікке ойша жармастым. Ескі алдындағы көпір кесеп қойып, келгендерден тын алып, билет беріп жүретін Сәуле апайдың аузы да жалп-жалп, өзі де отын жарып, темір бөшкеге құдықтан су тасып құйып, бір тыным таппайтын. Құдауаңда, мына өмірде осындай жұпыны шағын ауыл болып, ол ауылда

ҚАРА ҚАЗАН

саманнан тұрғызып, төбесіне лай құйған осындай ұсқынсыз монша салынып, сол моншаға от жағуға осы бөкене бойлы өйел ғана лайық секілді көрінетін.

– Өй, түгенше, тар жерге тарақан болмай сыртта отырып күтсеңші, түге. Менің отты көсегемімді бақылауға келген көмесіа құсамай.

– Өй, бөлешне, қазір сен кіремісің, өткендегідей тал түсте кіргеннен мал келгенше жүріп алмай, тезірек жуынып-шайынып шық. Өкең пөлешне қысы-жазы құс-құс болып жүрсе де айна-жананы бір арқасын суға тоспайтын еді, кімге тартқаның өзің? Өз сөзіне ырқылдай күлген моншашы енді іштегілерге айқайлайды.

– Өй, сөңдерден кейін де бір қора кісі тұр, суды құр ағыза бермеңдер, түге! Бұл ауылдың еркек-өйелі моншашының біресе суды қарау үшін, біресе салқын су кіргізу үшін қалағанынша кіріп-шығып жүре беретініне өбден үйреніп кеткен. Моншаның алды кесенбі күндері кішігірім балық базарындай у-ду болып жататын. Біреулер шомылуды мақсат етсе, біреулер өдейі өңгіме тыңдау үшін осы жерге аялдайтын. Және шүйкелеген жұн, иіріп отырған ұршығы не тоқымасын қыстыра келетін. Құр өсек айтып отырмай, басының сіркесін сықтырып, шаруа мен қанағатты қатар атқарып отыратын өйелдер бір көзімен өріректегі каналдың суына енгелеген сиырларды да көздеп отыратын.

– Анау біздің сиыр емес пе, тал түсте кіргізгені несі-ей ауылға?
– Өй, бала-ей, Самат, Марат, Қанат, сиыр кеп қалды. Сиыр! Ойын қызығына түскен балада құлақ бар ма? Енді шешелері шыңғыруға көшеді.

– Қап, ойында басың қалғыр, бузауды қара деймін.

Осы кезде барып «сиыр келіп қалды» дегенді «жау келіп қалды» деп естіген бала біткен құс-құс табанымен ойды-қырды шала зыр қағып арқаңдауды тұрған бузауына қарай тіп-тіке ағызар еді. Балшықтан долбарлап салған монша іргесінде лас суы жайылып жатса да құламады, күндердің күнінде жаңылмауға айналды. Ұзақ жыл монша деген атын сақтап тұрды. «Бұл моншаға ел орынға жатқан кезде перінің құзы көліп қонады екен, түгеншені соққан сол пері көрінеді, көрші ауылдан қайтып келе жатқан Мөкөнге жаңылғал қалпыты, Мыңыштың Сембайы түнде малын іздеп жүргенде моншаның жарығы самаладай болып жанып тұрғанын көріпті» деген өңгімелер, өсіресе, біздің ұйқымызды қашыратын. Бірде ауылдағы бір жігіт екі бөтелке арақ құйып моншаны бұздырып, саман тасын қораға пайдаланыпты деп естідік. Бірақ перінің қызына мекен болған ескі моншаның тасынан салынған қорада тұрған мал біткен шошынып есі ауысыпты деген өңгіме естілген емес.

– Мына жерде Сағын жездендер тұрды. Ой, ол да ұправ болып дүркіреді-ау, осы ауылдағы ең өдемі үй сонықы еді, үй – үйім-ақ еді, шіркін, бөлдүбөлдү бәрі өтірік осы күні. Енді қарашы, орны тып-типыл. Шешем сөйлеген сайын үхлілейді. Ішін күйдірген өлдененің ұыты күшейгендей ме... Дөңел апай руплас болғандықтан Сағынды «жезде» деуші ек, өзі өзінкеш, жылтыраған басында бір қылтанақ жоқ, ал маңдайының жартысын алған жуан қара қасы тазаға өжептәуір шаш болғандай түрінің өзі күлкі шақырып тұратын. Қарны қампаған жездеміз карта ойын болған үйден не ұтпай, не ұтылмай шықпайтын. Есіме бала кезде өзім күе болған бір оқиға түсті. Шешем жасында көп сөйлемейтін, бірақ айтса – қаттырақ кететін тоңмойындау адам еді. Ұрыстың неден басталғаны белгісіз, алақ-салақта екі өйел көзге келіп, шаң-шұң шыққан. Қалмақ бет, қысық сөз Дөңел апай да ашуды өбден ерттеп мінген, жегесіне шүйліге түседі.

– Сен қаттың, осы сен неменеңе өлдегендай боласың, елден жинап алған балаларың есіп алғасын жұртқа тастап кеткенде көрермін. Сонда сен рахат көремін деп отырмысың? Көргенде мен көрермін, он балам бар, мен көргенде кім көреді дейсің? Сен сияқты ерте суалған пақыр емесің! Бедеу қар!

Сол кезде шешем сарғыш жүзіне лып етіп қан ойнап жақындап келді де, өріректе жатқан көсеуді жұлып алып Дөңелдің отының алдын бұрқылдатып тұрып сабалал-сабалал жіберді.

– Осы сөзіңді ұмытпа! Қайыр аздан ба, көптен бе, оны көрерміз, аузыңды ашқан сайын мақтанатын он балаң ұшпаққа шығарса, сен де келіп менің отымның күлін сабаларсың! Оттың күлі бүрк-бүрк етті де, көсеу аңадай жерге барып айналасың солқ еткізіп ұшып түсті. Көзі бақырайып тұрған мені жолай іпе кеткен шешемнің сол жолы долылықтан жылаған-жыламағаны есімде жоқ, оның жүзіне қарауға қорыққаным есімде. Осы ешкімге керексіз болып қалған ауылдың иесіз көшесіне өкешемнің ізін мықтап қалдырайын дегендей, аяғын нығарлай басқан шешеме ұрлана қарап қоям. Өлсіз жанарымен жан-жағын қармайлады. «Негізі осы кісінің нөті қатты болар, тегін адам емес шығар-ау өзі де?» деп ойландым бір сөт. Олай ойлайтынмын – шешемді қарғаған Дөңел апай бір күні құлап, бір қол, бір аяғы сал бол қалды. Он баласының бесеуі үл, бесеуі қыз еді, бәрі үлді-баранды, бірақ ауру адамды шалы ғана аттай он екі жыл бақты. Он екі жыл бойы ғаріп адамды қарап, тамақты қолдан беріп, астын тазалау ер адамға ауыр бейнет екені түсінікті, қажағын жездеміз де жеңілген. Ал шешеміз «елден жинап алған» баласының қолында жақсы күтімде отыр. Бұл – сөздің құдіреті ме, өлде басқа ма... ол жұмбақ менің мыыма өлі де ауырлау.

О баста адамға таусылмастай көрінетін дүнианың базар тарқаған сайын ыстық көріне беретіні туралы үлкендер айтатын, ғұмыр қоналыққа тақағанда адамды мұңға бөккен ойдың жиі иектеп алатынын да солар біліп айтқан шығар-ау, кезінде тары піскенде бірге келдекке барған, қой қырқымада қасынан табылған, шілдеханаларда қатар отыры

АУЫЗБІРШІЛІККЕ ҮНДЕЙТІН АҚЦИЯЛАР МЕН ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ЖОБАЛАР ЖАЛҒАСА БЕРЕДІ

ХАЛЫҚТЫҢ ХӘЛ-ЖАЙЫН БАҚЫЛАП, ӘЛЕУМЕТТІК ТҮРМЫСЫН ӨП СӘТТЕ ТҮЗЕП БЕРМЕСЕ ДЕ ӘРДАЙЫМ ХАЛЫҚПЕН ТЫҒЫЗ БАЙЛАНЫСТА ЖҰМЫС ЖАСАП ЖАТҚАН «NUR OTAN» ПАРТИЯСЫНЫҢ ОРНЫ АЙРЫҚША. ОСЫ ОРАЙДА ПАРТИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ПАРТИЯ НЕГІЗГІ ҚҰРАЙТЫНДЫҚТАН ПАРТИЯНЫҢ ЖЕРГІЛІКТІ ЖЕРЛЕРДЕГІ ФИЛИАЛАРЫ, ДЕПУТАТТАР МЕН «ПАРТИЯЛЫҚ БАСТАУЫШ ҰЙЫМАРДЫ» ТЫНЫМСЫЗ ЕҢБЕК ЕТІП КЕЛЕДІ. АҒЫМДАҒЫ ЖЫЛЫ ПАРТИЯ ЖАРҒЫСЫНА СӘЙКЕС ТҮРЛІ СЕБЕПТЕРГЕ БАЙЛАНЫСТЫ 165 АДАМ ШЫҒАРЫЛСА, ПАРТИЯ ҚАТАРЫНА 132 АДАМ ҚАБЫЛДАНДЫ. АТАП ӨТСЕК, ПАРТИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР МЕН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АҚЦИЯЛАР КЕЗІНДЕ ЖАСТАРДЫҢ БЕЛСЕНДІЛІГІ АРТЫП ОТЫР.



Біз қарттарын қадірлеп, құрмет тұтқан елдің ұрпағы болғандықтан ардагерлерге деген құрмет қашанда жалғаса бермек. Осы бағытта «Ардагерлерді арақтайық» партиялық жобасы аясына аудан бойынша жалғыз басты қарттарға және тыл ардагерлеріне көмек көрсетілуде. Партияның қолдауымен ауыл жастары қарттардың үйлеріне барып, қолғабыс етуде. 36- ардагерлердің халін сұрап, әлеуметтік қайырымдылық көмектер көрсетіп көңіл бөлуде. Партияның саяси доктринасына сәйкес әлеуметтік қызметтерге, өмірдің тиісті жоғарғы стандарттарына барлық азаматтардың қол жетімділігі тең болуы тиіс. Кедейсіз келешек жобасы аясында партияның қабылдау бөліміне келген мүмкіндігі шектеулі азаматтарға көмектесуге ықпал жасалуда. Мүгедек жандардың мекемелерге емін еркін кіріп-шығуы үшін пандустардың талапқа сәйкес болуы жеті назарда. Мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың көкейкесті мәселелерін шешу үшін мемлекеттік органдарды, азаматтық қоғамды, бизнесін жұмылдыру. Аудандық жұмыспен қамту орталығымен бірлесіп, мүмкіндігі шектеулі жандарға бос жұмыс орын жәрмеңкесі ұйымдастырылып келеді. Мүмкіндігі шектеулі жандардың жұмысыздығын азайту мақсатында аудандық «Атамекен» кәсіпкерлік палатасы мамандарының қатысуымен кездесулер өткізіліп, қайтарымсыз гранттарға мүмкіндігі шектеулі жандар да ие болды. Сонымен қатар, жас ұрпақ-мемлекетіміздің болашағы болғандықтан партияның саяси доктринасында отбасы қоғамымыздың құндылықтарын сақтаудың маңызды институты деп айтылған. Отбасында ұрпақтар сабақтастығы, аға буына деген құрмет, балаларға қамқорлық, өзара қолдап-демеу дестурлері, еңбексүйгіштік және білімге деген құрлықты қалыптасқанды. Отбасын нығайту және дестурлерді сақтау мемлекетіміздің дамуына басты жағдайларының бірі болып табылады. Бақытты отбасы жобасы аясында көп балалы, аз қамтылған мұқтаж отбасыларға үйлеріне газ, ауыз су, құбылыс жұмыстарына аудандық жеткізушілермен азаматтарды ат салысып қолдау көрсетіліп келеді. Ағымдағы жылда 15 отбасыға көмектер берілді. «Құтты мекен» жобасының мақсаты – инженерлік әлеуметтік инфрақұрылымдарды дамытуға партиялық бақылау орнату. Мемлекеттердегі партия фракциялары дамытуға жоспарланған бюджет қаржысын мақсатты пайдалану мәселесін назарда ұстады. Бұл өз кезегінде инфрақұрылымдардың уақыттында пайдалануға берілуіне, қазына қаржысының тиімді жұмсалуына, мердігер компаниялардың жауапкершілігін арттыруға, сыбайлас жемқорлықтың жолын кесуге мүмкіндік береді. Бұл жұмыстар бойынша 44 партиялық бақылаулар ұйымдастырылды. Осы тұрғыда ауылдық округ әкімдері, бөлім басшылары, аудандық мәслихат депутаттары, атқарылған жұмыстар және ауылдағы жоспарлар туралы, соның ішінде мемлекеттік, сапалық, партиялық және т.б. құзыреттілігіне тиісті жобалардың іске асырылуы бойынша кестеге сәйкес тыңдаулар өткізілуде. Коронавирус пандемиясы кезінде «Біз біргеміз» акциясы белсенді жағуауда «Nur Otan» партиясының төрағасы Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен қиын-қыстау кезінде «Біз біргеміз» қоры құрылып, ең алдымен қарапайым азаматтарға көмек көрсетуге бағдар алуы. Қазақстанның бизнес қауымдастығының қолдауымен «Біз біргеміз» қорына 28 миллиард теңгеден астам қаражат жинауды және сол қаражат аз қамтылған, көп балалы, мүмкіндігі шектеулі, асыраушысынан айырылғандарға. Қор ақшалай көмек көрсету туралы шешім қабылдады. Осыған байланысты біздің ауданның 430 азамат, азаматшалары қамтылып, 50 мың теңгеден аударылды, жалпы 21,500000 мың бөлінді. Оның ішінде көп балалы, аз қамтылғандар - 174, мүмкіндігі шектеулі жандар - 194, асыраушысынан айырылғандар - 60. Азаматтардың өтініштерін жедел қарастыруды ұйымдастыру үшін партияның онлайн-қызмет және сай – орталығы жұмыс жасауда. Төтенше жағдай кезінде «Nur Otan» партиясы Ойыл аудандық филиалына 766 өтініш түсіп, оның 541 қанағаттандырылды, 41 қаралу барысында. «Біз біргеміз» акциясы аясында бір қатар жұмыстар, қайырымдылық акциялар ұйымдастырылды. Оған мемлекеттік қызметшілер, мекеме басшылары,

ұстаздар, көсіпкерлер, жастар, депутаттар өз үлестерін қосып 300-ден астам отбасына көмектерін берді. (Зейнеткерлер - 46, мүмкіндігі шектеулі - 49, аз қамтылған, көп балалы отбасылар - 183), жалпы 3360000 теңге көлемінде азық-түлік себептерімен көмек көрсетілді. Ақцияға өр жылғы азаматтерде өз үлестерін қосып қолдау көрсетуде. Бастауыш партия ұйымдары да белсенділігін көрсетіп тұрғандардың өтініштері негізінде ауыз су құбыры, газ, құрылыс тағыда басқа жұмыстарына қолдау көрсетілуде. Осы жұмыстарға ат салысқан «Біз біргеміз» жалпыұлттық акциясы аясында «Nur Otan» партиясымен бірге халыққа қолдау көрсетуге волонтер ретінде қатысқаны үшін 63 жас Елбасының атынан алғыс хатпен марапатталды.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті «Сенім. Диалог. Болашаққа нық қадам – «Nur Otan» партиясының 7 серпіні» атты партия жұмысын жүйелі жаңғырту бағдарламасын ұсынды.

Атап айтқанда, Біріншіден: «Nur Otan» партияның белсенді мүшелерін барынша шоғырландыруды тапсырды. Аудандық филиалға қарасты 8 бастауыш партия ұйымы тіркелген 1040 партия мүшесі бар. Дегенмен, қазіргі күні осы партия мүшелерінің барлығын белсенділік танытады деп айта алмаймыз. Партия Төрағасының Саяси кеңесте көтерген мәселесіне орай, партияда ел дегенде жанашырлықпен жұмыс істейтін, халыққа шын жаны ашитын белсенділермен жұмысты жалғастырып, партиядан байланыс үзген мүшелерді партия мүшелігінен шығару жұмыстары басталды. Қазіргі күнге байланыс үзген адам партия қатарынан шығарылды.

Ендігі жұмысымыздың бағыты халықтың мүддесін ойлап, азаматтық белсенділік танытып жүрген тұлғаларды қатарымызға алуға жұмыс бастайтын боламыз. Сонымен қатар, бастауыш партия ұйымдарының белсенділігін арттыру міндеті тұр. Облыстық партия филиалына қарасты 8 бастауыш партия ұйымының 6-ы ауылдық округтерде шоғырланған. Осы елді мекендерде шоғырланған партия ұйымдарында елге өзін өтетін, халықтың ортасында беделі бар азаматтарды тарту бағытында жұмыстар жүргізіміз.

Екіншіден: Партия Төрағасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті түбегейлі қушеуі жұмыстарына тоқталды. 2025 жылға дейінгі сыбайлас жемқорлыққа қарсы партиялық бағдарлама іске асырылып, жемқорлыққа қарсы жұмыстар жүргізілгенмен өкінішке орай, партия жемқорлықтың көп жағдайда соңғы сатысында ғана партия қатарынан шығарумен ғана тоқталып отырғаны жасырын емес. Осы орайда, Мемлекеттік сатып алу туралы заңға өзгерістер енгізу үшін диалог алаңдарында талқылау ұсыныстар енгізетін боламыз. Партия жұмысын «Қайта жандандыру» аясында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Қоғамдық кеңес пен партиялық бақылау комиссиясы жұмыс форматын өзгертетін болады.

Үшіншіден: партияның барлық деңгейдегі органдарының потенциалын көтеру. Партия төрағасы Мемлекеттердегі фракциялардың болашақтағы жұмыс бағытын айқында берді. Фракцияда өңірлердің дамуына ықпал етудің барлық қажетті тетіктеріне мүмкіндіктері бар. Осы мүмкіндіктерді біз тиімді толық пайдаланып отырмыз деп айта алмаймыз. Жұмысты қайта жандандыру кезеңінде өр деңгейдегі мәслихаттың сессиясына ұсынылатын барлық мәселелер алдын-ала фракцияда отырысында талқылануы, сессияның қарауына ұсынуы жолға қоюымыз керек. «Nur Otan» партиясынан сайланған мәслихат депутаттарының атқарылған жұмыстары Саяси кеңес бюросында тыңдау жұмыс жоспарына енгізіледі. Партияның барлық деңгейдегі органдарының яғни, Саяси кеңес, Бюро, партия жанындағы комиссиялар халықтың сенімінен шығу үшін жұмыс бағытына өзгерістер енгізеді. Ол үшін аталған жұмыс органдарының құрамына қоғамдық пікір көшбасшылары, белсенді үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, блогерлер мен белсенділерді кеңінен тартылады.

Төртінші: Партия Төрағасы биліктің барлық деңгейлерінде партиялық жауапкершілікті түбегейлі арттыру керектігін атап өтті. Осы орайда орган басшылары «Nur Otan» партиясының және Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыруда жауапкершілікті арттыруымыз керек. Халық мүддесі үшін атқарылған барлық істің негіздерін партияның тиісті органдарының алаңдарында баяндап есеп беретін болады.

Бесінші: Саяси кеңес отырысында партияда нақты сервистік-бағдарлық жұмыс принципін енгізу ұсынылды. Ол халықтың сұраныстарын уақытылы анықтауға және мемлекеттік органдарға жеткізуге, қоғамдық қабылдау орындарының қызметін жақсартуға бағытталған. Партияның қоғамдық қабылдау күніне 3-4 адам өтініш-шағымдарымен келеді. Олардың мәселелерін жылдам шешілуіне

ықпал ету мақсатында әкімдер, мекеме басшыларына жолдаймыз. Сондай-ақ, айына екі рет өткізілетін аудан әкімі мен аудандық мекеме басшыларының қабылдауында 20-ға жуық жүгінушілер тіркеледі. Өкінішке орай, өтініштерге жауап беретін мекемелер мерзімінде жауап беріп болмайды немесе берген жауаптары нақты емес. Осы фактілер партия имиджін түсіріп, халық сенімін жоғалтады. Партия алдағы уақытта қоғамдық қабылдау бөлмесінде орын алған осындай жағдайда партия мүшесі саналатын басшылардың жауапкершілігін тиісті партия органдарында қарайды.

Алтыншы: «Идеологиялық саясат» – БАҚ-пен жұмыс жасауға тікелей қатысты. Партия төрағасы шындықты бұрмалайтын арналар мен жергілікті проблемаларды көтерген редакторларға қысым көрсететін басшыларды сынағанды. «Nur Otan» өзінгі ақпараттық стратегиясын түбегейлі қайта қарап, адамдардың сенімін арттыруға бейімделуіміз керек. Ол үшін бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде нұротандықтар сұхбат беруден, проблема көтеруден қорықпауымыз керек. Қазір шын мәнінде БАҚ-да проблемаларды айтқаннан гөрі атқар-

былып келеді. «Партия жұмысының келесі басым бағыты - партияның өңірлердегі жұмысы болу керек» деп көрсетілген Елбасы тапсырмасына сәйкес мәслихаттардың жергілікті өзін-өзі басқарудың және жергілікті жерлерде өзекті мәселелерді шешудің ықпалды органы ретінде жұмысының белсенділігін арттыруға арналған жұмыстар жүйелі жүргізілуде. «Nur Otan»-дық депутаттар фракциясының белсенде қатысуымен ауданның жыл сайынғы бюджеттің әлеуметтік сипат алуы, әлеуметтік саладағы өзекті мәселелердің шешімін табу мақсатында депутаттардың бастамасымен бірнеше рет енгізілген өзгерістер мен толықтырулар сессиялардың күн тәртібіндегі негізгі мәселелер болды. Депутаттық фракция мүшелері ауылдық көріктендіру, көгалдандыру, экологиялық тазалықты сақтауды ұйымдастыру шараларын орындауда тазалық айлағында аудан тұрғындарымен бірге белсене қатысты.

Аудандық мәслихаттағы депутаттар фракциясының жұмысына партияның аудандық филиалы тарапынан тұрақты түрде басшылық жасалуда. Осы мақсатта партияның аудандық филиалының басшы органдарында және бастауыш партия ұйымдарында



аудан жұмыстарымызды баяндау сөнге айналып кетті. Азаматтық қоғамның әлеуметтік желіде көтерген проблемаларына шынайы жауап беруден, шешімін табу жолдарын қарастырудан жалтармай, ал жалған, негізсіз мәліметтерге қарсы пікір білдіруден қашпауымыз керек. Бұл жұмыстар барлық мәслихат депутаттарынан бастап бастауыш партия ұйымындағы белсенді азаматтардың күнделікті міндетіне айналуы керек.

Партия төрағасының жетінші көтерген серпіні - жастардың партия тәртібінде бірігуі. Ауданымызда партия мүшелерінің 18 пайызы жастардан тұрады. Партияның аудандық филиалы «Jas Otan» ЖҚ-ның мүшелігінде 220 жас бар. Бұл сапалық құрамның есебімен төмен көрсеткіш. Жұл сайын білім алып, еңбекке араласып жатқан жастардың қатарын қоғамға тарту басты жұмысымыз.

«Nur Otan» партиясының бақылауында негізгі жұмыспен қамту жұмыспен және оқумен қамтылмаған жастар санын жүйелі түрде назарда ұстау, дуалды білім алу, кәсіптік білім беру мәселелері түсі қалмайды.

Мәслихаттарға келесі сайлау, Мәжіліс сияқты, партиялық тізімдер бойынша өтеді. Елімізде тұңғыш рет мәслихат депутаттарын пропорционалды жүйе бойынша өтеді. Осы өзгерісті ескере отырып, партия тізімдерін жасақтауды жетілдіру қажет. Бұл ретте облыс, аудан деңгейінде өткізілетін праймериз механизмін кеңінен қолданып, тізімге партияның ең алға ұстар, беделді, халықпен және мемлекеттік органдармен конструктивті қарым-қатынас жасай алатын білікті партия мүшелерін іріктеу, өсіресе жастарды қамтуға басымдылық танытуымыз керек. Праймериз алдында бастауыш партия ұйымдары ұсынған үміткерлер ашық пікірталас, халықпен кездесулер өткізуді міндеттеу мәселесі қарастырылады. Бұл партия ішілік іріктеу 18 тамыз, 3 қазан аралығында еліміз бойынша өткізіледі.

Елбасы, партия Төрағасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Саяси кеңес отырысында нақты мақсатымыз бен бағыт-бағдарымызды айқында берді. Ендігі мақсатымыз партия алдында қойылған міндеттерді жүзеге асыру.

Партияның алдымызға қойып отырған басты міндеттерінің бірі - еліміздің болашағы жастармен жұмысты жандандыру. Жастар Қанатының міндеті - еліміздегі мемлекеттік және партиялық жастар саясатын белсенді жүзеге асыру, жастардың саяси, экономикалық, әлеуметтік және басқа да құқықтарын қорғау, мәдениетін, интеллектуалдық қасиеттерін қалыптастырып, жастардың көсібі деңгейін көтеру. Бұл санатта «Jas Otan» жастар арасындағы біріктіруші саяси ұйым болып табылады. Қазіргі таңда аудандық филиалдың «Jas Otan» Жастар қанаты қатарында 220 аудан жастары есепте тұр. Есеп беріп отырған мерзімде аудан жастары арасында Елбасы, партия ұстанымдарын насихаттау, партия беделін, ықпалын арттыру, отансүйгіштік, патриоттық сезімге тәрбиелеу, салауатты өмір салтын қалыптастыру, құқық бұзушылықтың алдын-алу, жұмыссызды азайту және т.б. өзекті мәселелерді шешуге бағытталған 45 іс-шара өткізілді. Жалпы аудандық жастар кеңесімен, басқа да жастар ұйымдарымен тығыз жұмыс жасай отырып, ауыл жастары арасында әлеуметтік идеологиялық жұмыстарды өрістету мәселелері «Jas Otan» жастар қанатының басты назарында

депутаттық фракция жетекшісінің, депутаттардың жүргізілген жұмыстары жүйелі түрде тыңдалуы ұйымдастырылып, нәтижелері бақылауға алынууда. Өрбір депутат, партиялық фракция мүшелері өздері есепте тұрған бастауыш партия ұйымының мүшесі ретінде атқарған жұмыстары туралы есеп беру дәстүрі қалыптасқан.

Халықпен тығыз байланыс орнудағы, оның қолдауына ие болудағы және мүддесін қорғаудағы партияның өте маңызды құралдарының бірі - «Қоғамдық қабылдау» филиал тарапынан көп көңіл бөлінуде. Аудан тұрғындарының талабы мен тілегі билікке көбіне депутаттар және қоғамдық қабылдаулар арқылы жететіні анық. Сондықтан бұл іс-шараның халықтың партияға деген сенімін орнықтыруда атқаратын ролі зор. «Nur Otan» партиясының Ойыл аудандық бөлімінің «Қоғамдық қабылдауына» есепті кезеңде 307 қоғамдық қабылдау өткізілді. 2 арыз-өтініш түсіп, бақылауға алынды. Олардың 294 астамы оң шешімдерін тапты, 13 мәселе шешілу сатысында. Жалпы түскен өтініштің қаралмай қалғаны жоқ, өрбір арыз-шағым назарда ұсталды. Бұл тұрғыдағы ең өзекті мәселелер негізінен жұмысқа орналастыру, тұрғын үй мен қаржылай көмек сұрау болып отыр.

Партияның алдымызға қойып отырған маңызды міндеттерінің бірі - жергілікті жерлердегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы мақсатты ұйымдастырылу күресті өрістетілу болып отыр. Сыбайлас жемқорлық көрінісін бейтін қылмыстың бірі түрі. Оны дер кезінде қурықтап отырмаса, қай сала болмасын қанатын кенге жайып кетер сөзсіз. Сыбайлас жемқорлықты жою белгіленген бір уақыттың ғана шарауасы емес, осы дертке қарсы күресті бүкіл халық бол жүргізген жағдайда ғана оның деңгейін айтарлық дәрежеге төмендетуге қол жеткізуге болады. Жемқорлықпен күресті күшейту мақсатында «Nur Otan» партиясының Ойыл аудандық филиалы жанынан құрамында 5 адам бар. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі қоғамдық кеңес құрылып жұмыс жасап келеді. Аталған кеңестің жыл сайын жұмыс жоспары бекітіліп, сол жоспарға сәйкес жұмыстар атқарылууда. Аудандық партия филиалы жанындағы сыбайлас жемқорлықпен күрес бойынша «Қоғамдық кеңес» отырысында Ойыл ауданының мемлекеттік органдарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша 2015 - 2016 жылдары атқарылған жұмыстар туралы мәселе қаралды. Ойыл аудандық өділет басқармасы және халыққа қызмет көрсету орталығы Ойыл филиалында жыл сайын тұрақты түрде жемқорлыққа қарсы семинар кеңес өткізіліп тұрады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл жөніндегі партияның жаңа бағдарламасы бірқатар БПҰ-ларда талқыланып, Саяси кеңестің кеңейтілген отырысында қаралып, нақты ұсыныстар берілді. Филиалдың Партиялық бақылау комиссиясының осы бағыттағы жұмыстары да жоспарлы түрде жүргізіліп келеді. Жемқорлықпен күрес мәселесіне ауданның барлық ақпарат-насихат топтарының, мәслихат депутаттарының халықпен кездесулерінде, басқа да саяси мемлекеттік маңызды іс-шараларының күн тәртібінде басты назарда қала береді.

Сәкен ЗАЙМОЛДИН, «Nur Otan» партиясы, Ойыл аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары.

ОЙЫЛДЫҢ ТАЛАНТТАРЫ ТОП ЖАРДЫ

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДА ӨТКЕН «АЛТЫН ФАСЫР» ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРҒАН «НҰРЛАНА БЕР, НҰР-СҰЛТАН!» АТТЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ ОНЛАЙН ӨНЕР БАЙҚАУЫНА АУДАНЫМЫЗДЫҒЫ ӨНЕРЛІ ЖАСТАРЫ ҚАТЫСЫП ЖҮЛДЕЛІ ОРЫНДАРҒА ИЕ БОЛДЫ.



«Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығының өнерлі жұлдыздары аталмыш байқауда «Хореография» жанры бойынша «Сем үгілігі» би ансамблінің мүшесі Тыныштыбай Аружан Еркінқызы қатынасып І-ші орынды жеңіп алды. «Вокал» жанры бойынша «Шұғыла» дуэті І-ші орынға ие болды. Өнер жарысында бүлдіршіндердің бабы мен бағын келдісіріп бөйгеге қосқан ұстаздарды да «Үздік ұстаз» дипломымен марапатталды.

«Шұғыла» дуэтінің жетекшісі Гүлжанат Маханованың айтуына қарағанда талантты балалар түрлі байқауларға қатысудан тартынбайды екен.

«Онлайн өнер байқауы өділ түрде өтіп, ата-аналар да дән риза. Дуэт

мүшелері Аян Қуандықұлы мен Біржан Жанболатұлы бұдан өзге де байқауларға қатысып алдыңғы орындардан көрініп жүр.

Онлайн байқауға өнерлі бүлдіршіндердің ата-аналары да оң көзқараспен қарап қолдауларын білдіруде. Елімізде өтіп жатқан барлық байқаудан тысқары қалмауға тырысамыз. Бөйгеге балаларымызды қосқан сайын шындала түсіп, талпыныстары мен өнерге деген махаббаттары артууда», - деді.

Қарантин шараларына байланысты онлайн ұйымдастырылған өнер байқауының медальдары мен арнайы сыйлықтары Қазпочта арқылы жұлде иелеріне табысталды.

Өнер АСҚАРҚЫЗЫ, Ойыл селосы.

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫҚ ТҰЛҒАСЫ: ӘЛ – ФАРАБИ

Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Уздағ ибн Тархан өл-Фараби ат-Түркі - ұлы ғалым, энциклопедист, Аристотельден кейінгі Екінші ұстаз атанған Әл-Фарабидің толық аты-жөні осылай болып келеді. Әл-Фараби 870 жылы Жібек Жолының маңында орталықтарының бірі болған Отырар қаласының маңында дүниеге келген. Ол бала кезінен сол дәуірдегі өркеніетпен мәдениеттің ірі орталықтары саналған Бұхара, Самарқан, Мерв, Бағдат, Харран, Рей, Каир, Алеппо, Шам қалаларында болып, білімін үнемі жетілдіріп отырған. Әл-Фарабидің ғылыми қызметі ортағасырлық араб-мұсылман мәдениетінің гүлдену дәуіріне, яғни біздің дәуіріміздегі Х ғасырдағы – Мұсылман Ренессансына сәйкес келеді, міне сол ғұламамыз 1150 жылдығы қарсаңында ұлы ғұлама туралы оқыған, түйінді мағлұматтармен бөліскенді жөн көрдім. Әл-Фарабидің өлем өркеніетінде алар орнына тоқталмас бұрын, ғылымдағы өл-Фарабиге қатысты түрлі көзқарастарға тоқтала кетейік. Кейбір еуропашыл ғалымдар “Әл-Фараби ешқандай жаңалық ашқан жоқ, ол тек Платон мен Аристотельдің мұраларын насихаттап, түсіндіріп келді” - деп есептейді. Антика дәуіріндегі ғұлама ойшылдар Платон мен Аристотель – бүкіләлемдік мәдениеттің ең жоғарғы шыңы. Әл-Фараби осы антикалық мұраны игеріп, оны араб-мұсылман мәдениетінің гүлденуіне жұмсап, үлкен екі жаңалық ашты. Біріншіден, өл-Фараби антикалық заман мен исламды өзара жақындастыра синтез жасап, жаңа бір мәдениеттің өркендеуіне жол ашты. Келесі кезекте ол грек ойшылдарының асыл мұрасын жаңғыртты. Сөйтіп, шығыста үлкен қозғалыс, жаңа бағыттар басталды. Араб-мұсылман мәдениеті негізінде антикалық дәуірдегі шешілмеген мәселелерді шешіп, оны ілгері дамытты. Барлығымызға мәлім, өл-Фараби өмір сүрген уақыт айрықша кезең ретінде аталады. Отырар өлкесінде өл-Фарабиге дейін ойшылдар өте көп болса, оның өз заманында да ғұламалар аз болмаған.

Одан кейінгі орынды Отырар кітапханасы иеленген. Сол кітапханадан өл-Фараби жиырма жасқа дейін тәлім-тәрбие алып, ондағы бар кітаптарды, трактаттарды оқып зерттеген. Одан кейін білімін толықтыру үшін керуенге ілесіп, араб еліне аттанады. Бағдат, Дамаск сынды басқа да өркеніеті дамыған ірі шаһарларда болып, артында ғылыми-зерттеу еңбектерін қалдырған. Әл-Фарабидің дүниетанымына келетін болсақ, кеңестік дәуірде оны маркстік-лениндік, атеистік дүниетанымға алып келді. Бірақ шын мәнінде өл-Фараби ислам руханиятындағы айтулы тұлға болған. Біріншіден, ол өлем мойындаған философ, Платон мен Аристотельдің еңбектерін шығыс, араб-мұсылман өлеміне таратқан үлкен ғұлама. Екіншіден, өл-Фараби – үлкен ғалым. Әл-Фарабидің философиялық көзқарасы өте күрделі. Оны бір сөзбен айтып шығу мүмкін емес.

Әл-Фарабидің көзқарасында диалектика да, таным теориясы да, ғылыми рационализм де бар. Әл-Фараби ислам өркеніетіне өлшеусіз үлес қосқан. Сондықтан өл-Фарабидің дүниетанымы туралы айтамыз оны материаліст, болмаса идеалист мәнінде атеист деп айтуға болмайды. Ол белгілі бір ғылым академиясы тәрізді. Әл-Фарабидің мұрасы ғылымның өр түрлі саласына қатысты еңбектерден тұрады. Сондықтан да ол – өлемдік деңгейдегі философ, ойшыл. Әл-Фараби дүниетанымының қайнар көзі өте тереңде. Себебі, қазақ даласында оған дейін де ғұлама ойшылдар көп болған. Мысалы, гректерді өнерімен тәнті еткен, аузымен күс тістеген шешен Анахарсистиң өзі бір төбө болса, Тоқсары, Тонькөк, қобызьмен кең дүниені күңіреткен Қорқыт Ата және басқа да ойшыл данышындар болған. Осының бөрі – ғұлама ғалымның бастау алған қайнар көздері. Осы орайда, Платон мен Аристотельді атап өткен жөн. Әл-Фараби олардың ғылыми мұрасын оқып қана қоймай, өрі қайта жаңғырта зерттеп, дамытқан. Әл-Фараби тағылым алған дүниелер өте мол. Солардың бірі ежелгі «Авеста» мен Құранды атап өтпейге бола ма? Әл-Фарабидің рухани толысуы Құранның игі есері көп болған. Кеңес дәуірінде өл-Фараби мұрасын аударғанда исламға қатысты жағын кесіп тастап, көбіне материалістік, атеистік жағына мен беріп, ислам руханияты, ислам мәдениеті мен антикалық мәдениетті синтездеу жағына ешқандай мән бермеген. Әл-Фарабидің ашқан ең үлкен жаңалығы – антикалық мұра мен исламды біріктіре мәдениет жасауында. Сондықтан өл-Фарабидің қайнар көздерін айтақанда міндетті түрде тек шығыс пен батыс, гректің ғана емес, оның қазықтын құрнылы топырағынан тұзы ұшып, Отырар өркеніетінен нәр алғанын ұмытпауымыз керек. Әл-Фараби араб еліне аты шығып, «Шығыстың Аристотелі» атанып, артында мол мұра қалдырған. Сөйтіп сексен жасқа келгенде өмірмен қостасқан. Ол: «Мен Қышпақ елінен ешқандай атақ-даңқ іздеп келген жоқпын. Мен білім іздеп келдім, сол білімді араб елінен таптым, бірақ менің Қышпақ еліне сүйіспеншілігім шексіз», - деп өзінгі туған жерге деген сағынышын өлеңге түсірген. Ол керемет өлең де айтаң, қобызда да ойнаған. Қобыз аспабын жасап, күй тартқан Қорқыт Ата дейміз. Шын мәнінде Қорқыт Атадан кейін өл-Фараби де қобызды дамытып, оның құлағында ойнаған ойшыл, көп тілде сөйлеген ғұлама адам болған. Әл-Фараби – қазақ өркеніетінің, музыка филосо